

2.Ф.Шамукарамова Жизнь и творчество Мирзо Улугбека в историографии XX века. //Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Ташкент, 2006. С. 3.

3.Ф.Шамукарамова Научное наследие Мирзо Улугбека в историографии XX начала XXI вв. Самарканд, 2019. С.8-9.

4.Там же. С. 10.

5.В.Л.Вяткин Отчет о раскопках обсерватории Улугбека в 1908 – 1909 гг. //Туркестанский сборник Том 589. Ташкент, 1917. С. 100.

6.Ф.Шамукарамова Научное наследие Мирзо Улугбека в историографии XX начала XXI вв. Самарканд, 2019. С.11.

7.Там же. С. 12.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖЫЛНАМАСЫНДАҒЫ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ТҰЛҒАСЫ

Иманбаева С. С.

К.А.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Сандықбаева Ө.Д.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Кеңестік жүйенің саясатының құрсауынан шыққан, Қазақстанның саяси-экономикалық және мәдени үдерісіндегі ірі бетбұрыстардың, этносаралық, конфессияаралық келісімнің ықпалында еліміздің дамуының жаңа белесін қалыптастырды. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатында жүргізген стратегиялары, тәуелсіз қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып нығайтуда өзінің оң нәтижелерін көрсетті. Сындарлы саясаттың шеңберінде халықаралық аренада ядролық арсеналдан бас тартып, өзінің гуманистік миссияларымен танылған елге айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы еліміз үшін үлкен сынақ кезеңі болды. Алайда, осы бір дағдарыстық кезеңді халқымыздың бірлігінің арқасында абыроймен еңсере білдік. Тәуелсіз мемлекетіміз 2010 жылы Европалық Қауіпсіздік ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ету мәртебесін алып, әлемдік сенім мен мойындауға ие болған ел.

Әлемдік тарихи тәжірибеде өркениетті мемлекет бастан кешірген кез-келген елеулі серпіліс, олардың дамуына қауіп төндіретін сын қатерлерге төтеп беру қажеттілігін талап етеді. Біздің еліміздің осындай тарихи бетбұрысты кезеңінде, уақыт талабына сай көшбасшылық қызмет атқаруды Н.Ә.Назарбаев өз міндетіне алған еді.

Сондықтан өскелең ұрпақтың санасында республиканы егемендендіру үшін, ішкі ұлтаралық тұрақтылықты сақтап, тәуелсіз мемлекетті нығайту мақсатында ерен еңбек сіңірген тарихи тұлғаларды объективті бағалау, зерттеушілер мен ұстаздардың міндеті болып табылады. Қазақстанның

дамуындағы посткеңестік дәуір мемлекеттік құрылыстың ең шиеленісті кезеңі болды. Тоталитарлық коммунистік жүйеден, демократиялық құндылықтарға көшу саяси тұрғыдан оңай болған жоқ. Өткен ғасырдың 90-жылдары экономикадағы басты реформалар жүзеге асырылып, Қазақстанның қазіргі қоғамдық жүйесінің саяси-құқықтық негіздері қалыптасты. Осы жетістіктердің нәтижесінде жаңа тәуелсіз мемлекет әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде танылды.

Тәуелсіз Республикамыздың алғашқы жылдарында Н. Ә. Назарбаев халықаралық саясатқа, дипломатияға өз үлесін қосты. Қайраткер БҰҰ Бас Ассамблеясында оны құрушы мемлекеттердің тең құқықтарын ескере отырып, әлемдік үйдің болуының оңтайлы формуласын іздеуге шақырды. Бұл үндеу бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланып, планеталық шартарапта ұсыныс тасталды. Барлық елдердің өкілдері әскери бюджеттерді қысқартып, соның негізінде БҰҰ-дағы бейбітшілікті нығайту үшін құрылған қордың пайдасына бір пайызын аудару туралы бастамасын қолдады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының басты бағыты, көршілес елдермен бейбіт мемлекетаралық қарым-қатынастарды орнату. Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің үлгісі ретінде дипломатиялық қатынас орнатқан, барлық мемлекеттермен терезесі тең саясатты ұстанатынын көрсетті. Қазақстан кеңестік жүйеден қалған ядролық арсеналдан бас тартып, мемлекетті ядролық қарусыз аймақ деп жариялаған шешімін әлемнің ірі державалары, БҰҰ-да құптады. Семей ядролық полигоны жабылғаннан кейін, Н. Ә. Назарбаев төмендегідей ой айтқан еді: "Қарусыздану жолы республика үшін баламасыз. ...Мен Қазақстанның жаппай қырып-жою құралдарын қысқартуға қатысты барлық халықаралық келісімдерге, стратегиялық шабуылдаушы нысандардағы қару-жарақтарды қысқарту туралы кеңестік-американдық шартты ратификациялауға дайын екендігімізді бірнеше рет мәлімдедім. Қазақстан, өздеріңіз білетіндей, "ядролық чемоданға" ие емес және бұрынғы КСРО-ның стратегиялық күштерін бір орталықтан басқаруға барынша күш салады. Сонымен қатар, біз Украина, Қазақстан және Беларусь Президенттері ядролық ұшыруларды бұғаттаудың тиімді жүйесін енгізуді қолдаймыз" [1].

Көрнекті қайраткер, Н. Ә. Назарбаев Ресей, Қытай және АҚШ көшбасшыларын өзінің бейбітшілік, ынтымақтастық саяси ұстанымын қолдауға шақырды. "Қазақстан Республикасы екі ірі ядролық державаның арасында орналасқан, олардың бірінде жағдай өте тұрақсыз, ал екіншісінде біздің шекарамызға жақын жерде ядролық қару сынақтары жүргізілуде. Біз кенеттен «балға мен теміртөс арасында» қалғымыз келмейді. Менің пайымдауымша, біздің ядролық қалқанымызды жою Ресейден, Қытай Халық Республикасынан және Америка Құрама Штаттарынан нақты келісім шарттарды талап етеді"[2].

Қазақстан ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылып, Еуропа елдерімен және Каспий маңы мемлекеттерімен өзара ынтымақтастық туралы

шартқа қол қойды. Бұл құжаттар Республика қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөліктерін бекітті, егемендікті мойындау, қолданыстағы шекаралардың мызғымастығы және мемлекеттің аумақтық тұтастығын негіздеп заңдастырды.

Жалпы, Н.Ә. Назарбаевтың пайымдауынша, ядролық қарудан бас тарту елдің қауіпсіздігін және ел экономикасына ірі инвестициялар тарту мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, Қазақстан егеменді мемлекет ретінде өзінің қорғаныс күштерінің әлеуетін көтеруге күш салды. Халықаралық қауіпсіздіктің кешенді жүйесінде, еліміз әскери қорғаныс құрылымын өзге мемлекеттермен ынтымақтастық деңгейде дамытып жетілдіру үстінде.

Қабылданған Әскери доктрина Қазақстанның соғыс және бейбітшілік мәселелерін, әлемдік қоғамдастықтың мүдделерін ескере отырып, өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиясын айқындады.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында толығымен қарулы күштер саласындағы жағдайды тұрақтандыруға, бұрынғы КСРО Қарулы Күштерінің ыдырауынан туындаған салдарларды жоюға, сондай-ақ, әскери дайындықты ұйымдастыруға арналды. Мемлекетіміздің қауіпсіздік саласындағы бұл қадамдары халықаралық аренада елімізге деген сенімді нығайтты. Бүгінде Қазақстанның әскери қорғаныс жүйесіндегі саясаты да өзінің үдемелі дамуын жалғастыруда.

Н. Ә. Назарбаев елді әлемнің бәсекеге қабілетті мемлекеттерінің қатарына кіру перспективаларын ашып, осы жолда келелі істер атқарды. Бұл елдің әлеуетін халықтың игілігі үшін пайдалануға, өз азаматтарының қауіпсіздігі мен өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған қуатты мемлекет құра отырып, алға жылжуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Президенті болып қызмет атқарған кезеңде Н.Ә.Назарбаев төмендегідей ой тұжырымдаған еді: «Барлық қазақстандықтарға, бейбітшілікке және рухани жаңғыруға негізделген ХХІ ғасырдағы Қазақстанды таңдауды ұсынамын. ...Біздің бүгінгі басты міндетіміз-еліміздің экономикалық жүйесін және халқымыздың экономикалық әл-ауқатын көтеріп, денсаулығын қорғаудың қуатты жүйесін құру»[3].

Сол кезеңде мемлекеттік деңгейде жүргізген іс-әрекеттерінің арқасында республика прогресс пен өркендеу жолында, зайырлы, демократиялық қоғам құруда сенімді түрде алға жылжыды. Саяси көшбасшы ретінде жүргізген сүбелі саясаткерлігі әлемдік қоғамдастықтың құрметіне ие болды.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тәуелсіз Қазақстан мемлекетін әлемге танытуда, Н.Ә.Назарбаевтың тұлғалық болмысы туралы: ...«Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады. Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды. Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді

нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды.

...Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр. Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз», - деп ой бағамдайды [4].

Біздің пікірімізше, қайраткердің тұлғалық болмысы табысты реформатор және көреген стратег ретінде тарих көшінен орын алады.

Тәуелсіздік жылдарында "Мәдени мұра", «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында руханиятымызда сүбелі айрықша істер атқарылды, тарихи-мәдени ескерткіштер жаңартылды.

Қазіргі жаһандану жағдайында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қолданбалық-тағылымдық мәні зор. Себебі, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп руханиятымызда серпіліс туғызды. Бағдарламада Қазақстан үшін қайта түлеудің маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын бағыттары қарастырылды [5].

Тәуелсіздік жылнамасында мемлекеттің тұрақтылығына, ел тұтастығына, ұлт бірлігіне зор қауіп төндірген «Қаңтар оқиғасы» халық жадында қасіретті күн ретінде сақталып қалды. «Қайғылы Қаңтар» оқиғаларының тағылымы мемлекетіміздің ішкі саясатында көптеген мәселелерді жаңаша тұрғыдан шешуге серпін берді.

Ел тағдырына қасірет төнген осы кезеңде, Президент Қ.К.Тоқаев ұлт көшбасшысы ретінде тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын, ел тұтастығын шайқалтпай ортақ мүдде үшін халықты ұйыстырып оң шешім қабылдады. Мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіретін лаңкестік төңкеріс пен арандатушылық әрекеттердің келешекте орын алмауын көздеп, бабалар үлгісімен өзекті халықтық мәселелерді шешу үшін Ұлттық құрылтайды шақырып, «Жаңа Қазақстан» құру идеясының жүзеге асырылу бағыттарын бүкілхалықтық талқылауға ұсынды.

Президент Қ.К.Тоқаев еліміздің киелі мекені Ұлытауда өткен, Ұлттық Құрылтайда жасаған баяндамасында «Тәуелсіздік» басты құндылық екенін, болашақта атқарылатын істердің ауқымын баяндай келе, Тәуелсіздік тарихының айтулы кезеңіне де мән беріп, өз ойын білдірді: «1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды.

...Ең басты мәселе, біз Тәуелсіз еліміз-Қазақстан Республикасы атынан 30 жыл ішінде көптеген халықаралық келісімшарттарға қол қойдық, мемлекеттік шекарамызды бекіттік.

Біз-тарихтан тағылым ала білген халықпыз. Бүгін қайта жалғасын тапқан Құрылтайды төл тарихымызға тағзым деуге болады. Осы Құрылтай да ертең ұлт шежіресінің бір белесіне айналатыны анық.

Елдің тарихи жадын жаңғырту үшін үйлесімді саясаттың болуы ерекше маңызды. Осы орайда, біз ел дамуының жаңа басымдықтарын белгілеп алуымыз керек.

Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек.

...Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл- оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады.

Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз», - деп келелі идеясын тұжырымдады [6].

Саяси Тәуелсіздік біз үшін оңайға түскен жоқ. Қазақ халқының осы жолдағы күресінің тарихы тереңде ғасырлар қойнауында жатыр. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміз азаттық үшін күрескен, ата-бабаларымыздың асқақ мұратының жүзеге асуының нәтижесі.

Қазіргі Қазақстан көп ұлтты, түрлі дінді ұстанған халықтарды бір тудың астына біріктіріп отырған мемлекет. Бұл- баға жетпес құндылық. Жасампаздық пен тұрақтылықтың кепілі ел бірлігін жадымызда сақтап, бүкіл халықтық деңгейде мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосу әрбір азаматтың қасиетті борышы деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. А. Таңдамалы сөздер. 2 Том. 1991-1995 жж. - Астана: Сарыарқа ордені, 2009. – 102-103 ББ.
2. Назарбаев Н. А. Таңдамалы сөздер. 2 Том. 1991-1995 жж. - Астана: Сарыарқа ордені, 2009. – Б. 104.
3. Назарбаев Н. А. Таңдамалы сөздер. 3 Том. 1995-1998 жж. - Астана: Сарыарқа ордені, 2009. – Б. 502.
4. Қ.К.Тоқаев **Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы өркендеуінің негізі.** //Егемен Қазақстан, 2019 ж. 3 қыркүйек
5. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12.04.2017
6. Қ.К.Тоқаев **Ұлытаудағы Ұлттық құрылтай** //Егемен Қазақстан, 2022 ж. 16 маусым